



**«EXPO-2017» Қазақстанға
не берді?!**

«Экспо-2017» халықаралық көрмесін өткізетін ел мәртебесі Қазақстанның елордасы Астана қаласына бұйырғандығы 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында өткен ХКБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды.



EXPO-2017 тақырыбы

Энергия — бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандырушы бірден-бір табиғи қайнар көз.

future
energy




EXPO тарихы



Ең алғашқы ЭКСПО Англияның принц Альберттің ұсынысы бойынша 1851 жылы Гайдпаркте өткен болатын. Хрустальды сарайда орын алған ЭКСПОның тақырыбы: «Барлық ұлттардың өнеркәсіптік жұмыстарының ұлы көрмесі» болып аталды.

1855, 1878 жылдары Парижде, 1939 жылы Нью-Йоркте, 1985 жылы Цукуба — Жапонияда, 1992 жылы Севилья — Италияда, 1998 жылы Лиссабон — Португалияда, 2000 жылы Шанхай — Қытайда ЭКСПО халықаралық көрмелері болып өткен.



- 
- EXPO-2017 жылы 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтеді.
 - Бұл көрмеге 5 млн.-нан астам адам келеді деп жоспарлануда. Әрбір келген адам 130 \$ ақша әкелетінін ескерсек, бізге түсетін пайда 520–910 млн.-ға дейін жоспарлануда.

ЭКСПО бізге не береді? Оның Қазақстан үшін қандай пайдасы бар? Елдің дамуындағы экономикалық тиімділігі қандай?

- Біріншіден, бұл еліміз үшін үлкен абырой болмақ. Көрмені ТМД кеңістігінде тұңғыш рет Қазақстан өткізгелі тұр.
- Екіншіден, Астанаға 3 айдың ішінде 5 миллионның үстінде адам келеді деп күтіліп отыр. Бұл миллиондардың ішінде инвесторлар да, туристер-де, журналистер-де болады. Демек, Қазақстанға қараттық шу, туристік қызығушылық һәм инвестициялық климат жағынан болсын, бұл көрме әбден тиімді.
- Үшіншіден, көрме Астананың инфрақұрылымына үлкен серпіліс әкеледі. Жаңа қонақүйлер салынады, жаңа жұмыс орындары ашылады, жеңіл рельсті трамвай жолдары салынып, сауда-саттық дамиды. Шағын және орта бизнес өркендейді. Және бұл көрме елдегі новаторлық рухты жанудың, ғылымға ұмтылуға құлшыныс берудің таптырмас тетігі.
- Төртіншіден, Астана көрмесінің бас тақырыбы — «Болашақ қуаты». Жасыл технологияларды дамыту, балама қуат көздерін табу мәселесі өзекті боп тұрған заманда 2017 жылғы көрме талай бастаманы іске асыру кілтіне айналады. Мысалы, 1939 жылы Нью Йоркте өткен әлемдік көрмеде Рузвельттің телеэкранда пайда болып, жиналғандарды таң қалдыруымен әлемде телевидение өрістей бастады. Ал Эдисонның фонографы үшінші Парих көрмесінде танымал болып кетті.
- Бесіншіден, ЭКСПО-ны өткізу тарихына қарасаңыз, үлкен көрмелердің құрметіне әр ел өзінің техникалық мүмкіндігін паш ету үшін сәулет туындыларын салуға тырысқан. Мысалы, алғашқы ЭКСПО-дан Лондонда Хрусталь сарайы қалған еді, ол 1936 жылы өртке оранып кетті. Парижде Эйфель мұнарасы, Брюссельде Атомиум, Монреальда Хабибат деген ерекше тұрғын үй кешені тұрғызылғанын тағы білесіздер.
- Алтыншыдан, көрме өтіп біткен соң қалған павильондардың біразы ғылыми зертханалар, ғылыми орталықтар, зерттеу институттары ретінде қолданылады. Бұл туралы Сыртқы істер министрінің орынбасары Рәпіл Жошыбаев мәлімдеген болатын. Бұл павильондардың негізінде «Зерттеу орталығы» құрылып, оны «Назарбаев университеті» АҚ-ына бекітіп береді.

«Экспо құрылысына Атамбаев айтпақшы \$ 3 млрд емес, \$1,3 млрд кетті (433млрд теңге)», - дейді А. Есімов. Бастапқы бес күнде (15.06.)70 млрд теңге (\$220 млн) пайда түсті.

Exclusive.kz болжамы бойынша Экспо-ға 4млн-нан 7млн-ға дейін қонақ келіп, әрқайсысынан \$130 түскенде, \$520млн-нан \$910млн-ға дейін пайда түседі дейді.

Экспо-ның алғашқы бір айында: 921 293 адам көрмені тамашалауға қатысты

407 700 адам басқа облыстардан келді

Жеңілдіктер арқылы 130 мың адам көрмені тамашалады

Шетелден: жалпы 130 000 адам келген

Ресейден 35,5 мың адам

Германиядан 19 мың адам

Қытайдан 11,5 мың адам

Экспоның шілде-тамыз айларында: 1млн 343 мың адам қатысты

“Нұр Әлем” сферасын 746,3 мың адам тамашалады.

1662 мәдени-сауықтыру кештері, 72 ресми кездесулер болды

Ал ресми емес ақпараттарға сүйенсек жалпы Экспо-ға 3,5 млн адам келіп, тамашалады дейді

«Маусымның 10 мен қыркүйектің 9 аралығында ЭКСПО-2017

Халықаралық мамандандырылған көрмесіне 3 860 000 астам адам келген.»,- дейді Экспо-ның ресми сайты.